



СОДЕРЖАНИЕ СБОРНИКА ТЕЗИСОВ ДОКЛАДОВ
XLI научно-практической конференции
Малой академии наук Республики Казахстан
«ИНТЕГРАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ – ШАГ В БУДУЩЕЕ»,
посвященной 20-летию Ассамблеи народа Казахстана
и Конституции Республики Казахстан

9-10 апреля 2015 год

Павлодар 2015

Секция № 1 Актуальные проблемы истории

- 1. Адылбеков И.** (учащийся КГУ школы-лиця, г. Риддер, ВКО, 9-класс) Влияние исторических событий на имя и судьбу человека (научный руководитель – **Какаулина Л.Н.**).
- 2. Амал Т.** (ИнЕУ студенті, Ту-301 тобы) Керей ұлысы (ғылыми жетекшісі – **Нұрбаев Қ.Ж.**, тар. ғыл. д-ры, профессор).
- 3. Ахметжанова А.А.** (Павлодар қаласындағы Химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 11 В сынып оқушысы) Ұлттылықтың қоғамдағы орны мен рөлі (ғылыми жетекшісі – **Байханова Л.А.**).
- 4. Баймұратова А. Қ.** (Павлодар қаласының көп салалы дарынды балаларына арналған лицей-интернаты, 11- сынып оқушысы) Өлкे тарихын оқытудағы өңір тарихының сабактастыры (ғылыми жетекшісі – **Жакишева А.А.**, әлеуметтану магистрі).
- 5. Бектурганова А.М.** (студентка ИнЕУ, гр. Иу-202) История тюроков в исследованиях В.В.Бартольда (научный руководитель – **Разыков С.З.**, канд. ист. наук).
- 6. Галымова Н.Н.** (Павлодар политехникалық колледжі, ТТ-29 тобы) Көшпендердің менталитеті (ғылыми жетекшісі – **Кусаинова Б.А.**).
- 7. Губайдулин Д.К.** (учащийся Костанайского технико-экономического колледжа, гр.1УА-126, г. Костанай) Белые пятна в истории Казахстана на примере судьбы человека (научный руководитель – **Кужахметова К.Ш.**).
- 8. Едилов А.К.** (учащийся Назарбаев интеллектуальной школы, г.Павлодар, 7 класс) Пути сохранения самобытной культуры казахского народа в условиях современности (научный руководитель – **Мукушев Б.С.**).
- 9. Жакишев Д.Қ.** (учащийся гимназического класса СОШ №1, с. Шарбакты, 10 класс) Петроглифы как вид изобразительного искусства в древности (научный руководитель – **Турлыбекова А.М.**, канд. ист. наук, доцент).
- 10. Жұмакелді П.И.** (Павлодар қаласындағы Химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 8 А сыныбының оқушысы) Мәшіүр Жүсіп Көпевтің шығармаларын қазақстан тарихы сабакында қолдану (ғылыми жетекшісі – **Машрапова А.С.**, педагогика магистрі).
- 11. Камзабай А.Е.** (ИнЕУ студенті, Ту-202 тобы) Түрік Ашина әулиеті және түрік қағандары (ғылыми жетекшісі – **Нұрбаев Қ.Ж.**, тар. ғыл. д-ры, профессор).
- 12. Кожахметов Б.Е.** (Павлодар қаласы № 17 ЖОББСОБМ, 6 сынып) Патриотизм – қазақ халқымен бірге жасасып келе жатқан ұғым (ғылыми жетекшісі – **Хажихан Б.**).
- 13. Котельников А.В.** (учащийся СОПШЭН № 36, г. Павлодара, 10 класс) Борлы как уникальный памятник культуры неолита (научный руководитель – **Ибраева М.К.**).

ӨЛКЕ ТАРИХЫН ОҚЫТУДАҒЫ ӨҢІР ТАРИХЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

*A.Қ.Баймұратова, Павлодар қ.,дарынды балаларға арналған көпсалалы лицейі,
11 «A» сынып*

Ғылыми жетекшісі - А.А.Жакишева, аға оқытушысы, әлеуметтану магистрі

Атамекен-өткен дәуірлер шежіресінің күесі,ата-бабалар өмірінің тұрмыс-тіршілігінің айнасы. Осындай қасиетті өлкенің бірі-Маралды өнірі. Маралды өлкесі Павлодар облысының Шарбақты ауданында орналасқан.Ол солтүстігінде Успен ауданымен,солтүстік шығысында Алтай өлкесімен,ал батысында Павлодар ауданымен шектеседі. Өнірдің жері Ертіс жазықтығымен шектесіп,Батыс Сібір ойпатымен астасып жатыр.

Қазақ сахараасына танымал жерлес ақын Мұзафар Әлімбаев атын алты алашқа танымал еткен Маралды көліде осы өнірде орналасқан. Көлдің ауданы-54,7км.кв, ұзындығы-9,5км, ені-8,3км,жағасының ұзындығы-27км, су жиналатын алабы-773км.кв. Жағасы сазды,көпшілік жері көлбеу жазық, онтүстік-шығысы тік жарлы. Көлдің солтүстігіне қарай батпақты сор жалғасып жатыр. Маралды ойпатының түбінде орналасқан тұзды көлдің жағалауында итала мен шағалалардың көп кездесетін себебі:су бетіндегі планктондармен/артемия шаяндары жұмыртқалары / қоректенетіндіктен. Көлде глаубер тұзының/мирабилит/үлкен қоры бар. Маралды көлінің қазаншұңқыры Павлодар және Шарбақты аудандарының қылышында орналасқан. Баурайында қайың- теректі, گрунт суларының шығуына байланысты орналасқан. Жан-жағында шымды батпағы бар. Бұл көл негізінен оған құятын тұщы сулы бұлақтармен қоректенеді.

Ақын Мұзафар Әлімбаев жырлағандай

Арқада аты әйгілі Маралды көл,

Адамға ырыс үшін жаралды дер.

Алпыс төрт арна бұлақ аққан.қатар,

Белдері бетегелі, аяулы жер,-деп ертеректе бұл өлке қыз күлкілі,бұлақтары мөлдір,сулы көлдері бар,нар қамысты өлке болатын. Сол жыныстың арасында табиғаттың әсем жануары- маралдар мекен еткен.

Тарихқа үнілетін болсақ XIX ғасырда рулар болыс құрап, бірнеше болыстар уездерге айналады. 1893 жылғы халық санағы мәліметтері бойынша 114145 тұрғыны бар 21877 шаруашылықты біріктіретін 144 старшындық болған.Уездің аумағын онтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай ағып жатқан Ертіс өзені бөліп жатты. Ертістің оң жағалауында үш болыс: Тереңкөл, Ұрық және Маралды қоныстанса,сол жағалауында 13 болыс болған.

Маралды болысын қоныстанушылар негізінен арғынның II тармағы-момындарға жататын ірі рудың бірі-Бәсентиіндер,оның ішінде Сәмек, Бәйімбет, Күшік тармактары болды.

Қанқожа төренің ұлы Арынғазыдан бастап төрелер киелі Маралды өнірін мекен еткен. Төрелердің Маралдыға келгені туралы көнекөз қариялардың айтып кеткеніндей: «Ертеде қырдан бір табын жылқы адасып, жыраға келген дейді. Маралдыны қыстай жайлап, жылқылар сол жерден кетпейді. Оны көктем шыға жылқышылар іздең келеді. Келсе маңайында бір адам жоқ. Эр түрлі андар, марал-киктер мекен етіп жүр. Оларға бұл таңсық көрінген. Жылқыларын айдал әкетіп,еліне қай жерден тапқанын айтады: «Маралы көп,шөбі-дәрі»-дейді.

Содан қырдан төре руы осы жерге қоныс аударып, Маралды атап кетеді. Соңынан бұл жерге жан-жақтан басқа руларда қоныс аудара бастайды. Маралды болысы Павлодар уезіндегі ең үлкен және дамыған болыстардың бірі болды. Географиялық орналасуы жағынан да қолайлы жерде орналасқан. Болыс кезінде де әр түрлі рулардың өкілдері өмір сүрсе,бүгінде солай жалғасуда.